

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 18 маусымдағы № 217 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 306 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 4980 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 18 маусымдағы № 217 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4706 нөмірімен тіркелген, аудандық "Тұран Қазалы" газетінің 2014 жылғы 5 шілдедегі № 56-57 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2- тармақтың 8) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Қазалы ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XXXXIII сессиясының
төрағасы
Н. Альмагамбетов*

*Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы
Ө. Түктібай*